1) "Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Мыңжылқы" мәдениет сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

2) "Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Тілдерді оқыту және дамыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) "Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Созақ ауданы әкімдігінің
2024 жылғы "29" тамыздағы
№214 қаулысына 15 қосымшасы

"Созақ ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ЕРЕЖЕСІ

Ереже. 14-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 26.09.2025 № 283 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Созақ ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-бөлім) ауданның экономика және қаржы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің ведомстволары жоқ.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Бөлім егер заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Созақ ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі

басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Созақ ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Занды тұлғаның орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі-1, 16 үй, почталық индексі 161000.

10. Осы Ереже бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бюджетінен (шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады.

12. Бөлімнің кәсіпкерлік субъектілермен "Созақ ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

1) Созақ ауданының аумағында экономика және қаржы саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де міндеттер.

14. Өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

Бөлімге міндеттелген функцияларды атқару үшін мемлекеттік органдардан, басқа да ұйымдардан тиісті мәліметтерді сұрауға және алуға;

Белгілі құзіреті шегінде жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға тапсырмалар береді;

Өз құзіреті шегінде бұйрықтар шығарады;

Өз құзырына жататын мәселелер бойынша аудан әкімінің шешімінің, өкімінің, аудан әкімдігінің қаулысының, сонымен қатар мәслихаттың шешімдерінің жобаларын дайындайды;

Осы ережемен және заңдылықтармен, облыстық және аудандық жергілікті атқарушы органдармен бекітілген өзге де уәкілеттіктерді жүзеге асырады.

2) Міндеттері:

Созақ ауданында экономика және бюджетті жоспарлау саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

Созақ ауданы бюджетінің атқарылуы туралы есептерін дайындау және құрастыру;

Заң актілерінде анықталған өкілеттілік шегінде аудандық меншікті басқару саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен жүктелген басқа да міндеттер;

15. Функциялары:

1) ауданның әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасын әзірлеу және мониторинг жүргізу;

2) орта мерзімді кезеңге арналған ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамын әзірлеу;

3) ауданның әлеуметтік-экономикалық даму болжамына енгізу үшін басым бағыты бар жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың тізімін қарау;

4) тиісті жоспарлы жылға арналған басым бағыты бар бюджеттік инвестициялық жобалардың тізіміне енгізу үшін инвестициялық жобаларына (бюджеттік) экономикалық қорытынды дайындау;

5) экономикалық дәйектеме негізінде, Созақ ауданының орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, салық салу базасына, бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің бюджеттік өтінімдеріне сәйкес аудан бюджетінің параметрлерін жоспарлау және үш жылдық кезеңге арналған (жоспарлы кезең) жергілікті бюджеттің жобасын құрастыру;

6) аудан бюджетінің атқарылуын ұйымдастыру және мониторинг жүргізу;

7) тиісті есепті кезеңге аудан бюджетінен қаржыландырылатын, атқарушы органдардың қызметінің тиімділігін бағалау үшін тиісті жоғары тұрған уәкілетті мекемелерге құжаттар дайындау және ұйымдастыру;

8) бюджеттің атқарылуы бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің қызметін үйлестіру;

9) бюджеттік заңдылықтарға сәйкес аудан бюджетінің міндеттемелер бойынша жалпы қаржыландыру жоспарларын, түсімдер жоспарын және төлемдер бойынша жалпы қаржыландыру жоспарын құрастыру, бекіту және жинақтау;

10) болжамды түсім көлемі негізінде төлемдер мен міндеттемелер бойынша аудандық бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің бағдарламаларының (кіші бағдарламаларының) қаржыландыру жоспарларын және мемлекеттік мекемелердің жеке қаржыландыру жоспарларына талдау жасау;

11) бюджет қаражаттарын басқаруды жүзеге асыру, алдағы кезеңге бюджетке түсетін қаржының күтілетін көлемін анықтау;

12) басқа жақтан қаражаттар тарту процесін ұйымдастыру;

13) бюджеттік есеп жүргізіп, мониторинг жасау;

14) Қазақстан Республикасының бюджет заңдылықтарына сәйкес, аудан бюджетінің айлық, тоқсандық және жылдық есептеріне талдау жасау және бақылау жүргізу;

15) Қазақстан Республикасының бюджет заңдылықтарымен белгіленген тиісті органдарға ұсыну үшін дебиторлық және кредиторлық қарыздар туралы есептерді құрастыру;

16) инвестициялық жобалар, даму бюджетінің игерілуі барысына мониторинг жүргізу;

17) бюджет қаражаты есебінен берілген бюджеттік несиелерге қызмет көрсетуді жүзеге асыру есебін және мониторинг жүргізу;

18) жоғарғы бюджеттен бөлінетін ағымдағы және нысаналы трансферттердің бюджеттік бағдарламалар бойынша дұрыс жоспарлануын ұйымдастыру;

19) жергілікті бюджеттердің атқарылу мәселелері бойынша мәслихат сессиясының шешімі негізінде өзгерістер мен толықтырулар әзірлеу және енгізу;

20) бюджетке түсетін түсімдердің көлемін ескере отырып, жергілікті бюджетті қаржыландырудың жиынтық жоспарына сәйкес, бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің шығыстарына болжам жасау;

21) аудан көлемінде ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

22) бөлімнің қызметін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру;

23) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдылықтары және басқа да нормативтік-құқықтық актілер шегінде аудандық коммуналдық меншікті басқару және оны қорғау бойынша шараларды жүзеге асыру;

24) аудандық коммуналдық мүлік есебін жүргізуді ұйымдастыру;

25) акциялары және үлестері мемлекетке тиесілі шаруашылық жүргізуге құқылы мемлекеттік кәсіпорындар және акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің қаржылық-шаруашылық қызметіне мониторинг жүргізу;

26) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдылықтары және басқа да нормативтік-құқықтық актілері шегінде және уәкілетті органдардың (бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің) тікелей қатысуымен аудандық коммуналдық меншіктегі нысандарды жекешелендіруді ұйымдастыру;

27) коммуналдық мекшікті және мүлікті жалға алу жөніндегі келісім шарттарды рәсімдеу (аудандық коммуналдық мүлікті), жалға берілген мүліктер бойынша төлем ақысын есептер көлемінің есебін құрастыру;

28) заңдылықтарға және басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес сенімгерлік басқаруға және коммуналдық меншікті мемлекеттік меншіктің бір түріне беруді ұйымдастыру;

29) Қазақстан Республикасының заңдылықтарында белгіленген тәртіппен иесіз нысандарды анықтау және оларды есепке қойып әрі қарай коммуналдық меншікке қабылдау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

30) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес аудан және облыс әкімінің Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің, Ұлттық экономика министрлігінің және басқалардың тапсырмаларын орындау;

31) Қазақстан Республикасы заңдылықтарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулыларымен, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының нормативтік-құқықтық актілерімен, облыс және аудан әкімдігінің қаулыларымен, облыс және аудан әкімінің өкімдері және шешімдерімен белгіленген өзгеде міндеттер.

32) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

3-тарау. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

16. Бөлімді басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол "Созақ ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

17. Бөлімнің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Бөлімнің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары болады.

19. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) бөлім басшысы бөлім қызметіне жалпы басшылық жүргізеді және бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларының жүзеге асырылуына дербес жауапты болады;

2) бөлімнің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және мемлекеттік мекеменің Ережесінде айқындалатын өз құзіретіне сәйкес дербес шешеді;

3) бөлімнің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда Бөлімнің мүддесін білдіреді;

5) шарттар жасасады;

6) сенімхаттар береді;

7) бөлімнің іс сапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

8) банк шоттарын ашады;

9) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

10) бөлімнің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

11) бөлімнің қызметкерлеріне Қазақстан республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу шараларын қолданады және оларды жазалайды;

12) бөлімнің қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;

13) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Ережемен және жергілікті атқару органымен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады;

14) "Созақ ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарының өкілеттігін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Бөлім заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. "Созақ ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік аудандық коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Созақ ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. "Созақ ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Созақ ауданы әкімдігінің
2024 жылғы "29" тамыздағы
№214 қаулысының 16 қосымша

"Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-бөлім) Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және

ауыл шаруашылығы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің ведомстволары жоқ.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республика Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Бөлім егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілерімен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 161000, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, № 2 ғимарат.

10. Осы Ереже бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

Құрылтайшы: "Созақ ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Бөлім қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Бөлімнің кәсіпкерлік субъектілермен "Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

"Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі және "Созақ ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі, "Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі болып қосылуына байланысты барлық мүліктік құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. "Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мақсаты: аудан аумағында кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

14. Өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

аудан аумағында кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

аграрлық сектордағы реформаларды жүзеге асыру, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экономикалық өсуін жеделдету және ауыл шаруашылығы өнімдерін сыртқа шығару болып табылады;

аудан агроөнеркәсіп кешенінің әлеуметтік –экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын жасау және ауыл аумақтарын дамыту бағдарламасын жүзеге асыру;

мемлекеттің саясатты жүзеге асыру және ауыл шаруашылық тауар өндірушілер техникалық және энергиялық қамтамасыз етуге, химияландыруға, теңдік негізде өңдеу кәсіппендермен серіктестік экономикалық өзара қарым-қатынастарға жағдай жасау;

шаруашылық жүргізудің әр түрлі нысандарының тиімді жұмыс істеу үшін жағдай жасау, жер құнарлығын арттыру және сақтау, оларды ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

маркетингтік қызметін дамыту және агроөнеркәсіп кешенін ақпаратпен қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру;

ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне бизнес-жоспар жасауға, несие алуға жәрдем беру болып табылады;

аудандағы "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды басқару құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін жүзеге асыру;

аудандағы "Тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдер, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдер, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналар үшін тіркеу құжатын (телнұсқасын) және мемлекеттік нөмірлік белгі беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін жүзеге асыру;

аудандағы "Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік

және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін жүзеге асыру;

аудандағы "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін жүзеге асыру;

аудандағы "Тракторларға және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелеріне, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарға ауыртпалықтың жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін жүзеге асыру;

аудан аумағында кәсіпкерлік саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен жүктелген басқа да міндеттер.

2) Міндеттері:

кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығын қолдау және дамыту, сауда инвестиция және сыртқы экономикалық байланыс, мемлекетік сатып алу саясатына қатысты Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің, облыс, аудан әкімінің нормативтік-құқықтық актілерімен орындалуы туралы мекеме, ұйым, кәсіпорындарда мәліметтер мен тиісті құжаттар алуға;

заңдармен және осы Ережемен белгіленген дәрежеде оған берілген мүлікке иелік етіп, пайдалануға;

өзінің атынан контрактілер, келісім шарттар, мәмілелер жасап тілхат бере алады, мүліктік және жеке мүліксіз құқықтар мүмкіндігін алып сотта жақтаушы және жауапкер болып қатыса алады, сондай-ақ заңмен тиым салынбаған басқада қызымет түрімен айналыса алады;

кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы, сауда саласы, мемлекеттік сатып алу жұмыстары жөнінде заңның бұзылуына байланысты прокуратура органдарына өтініш жасап материалдар жіберуге;

өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

өз құзырына жататын мәселелер бойынша әкімнің шешімінің, өкімінің, аудан әкімдігінің қаулысының, сонымен қатар, мәслихаттың шешімдерінің жобаларын дайындайды;

осы ережемен және заңдылықтармен, облыстық және аудандық жергілікті атқарушы органдармен бекітілген өзге де уәкілеттіктерді жүзеге асырады.

15. Функциялары:

- 1) елді мекендерде ауыл шаруашылығы малын ұстау мен жаюдың ережелерін әзірлеу;
- 2) агроөнеркәсіп кешен мен ауылдық аумақтар саласында жедел ақпарат жинау жүргізу және оны облыстың жергілікті атқарушы органына (әкімдігіне) беру;
- 3) агроқұрылым субъектілеріне мемлекеттік агро азық-түлік саясаты жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізу;
- 4) асыл тұқымды малдың генофондын сақтау мен толықтыруға бағытталған асыл тұқымды малды субсидиялау шаралары;
- 5) заң арқылы белгіленген тәртіп бойынша азаматтардың арыз-шағымдарын қарайды, жеке мәселелер бойынша қабылдау жүргізеді;
- 6) бөлім Қазақстан Республикасының заңдылықтары мен нормативтік- құқықтық актілері арқылы жүргізілген басқада функцияларды жүзеге асырады;
- 7) жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатының іске асырылуын жүзеге асырады;
- 8) жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасайды;
- 9) өңірлерде мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы мен орындалуын қамтамасыз етеді және ол үшін жауапты болады;
- 10) шағын кәсіпкерлікті қолдаудың өңірлік бағдарламаларын әзірлеп, іске асырады;
- 11) өңірде шағын кәсіпкерлікті және инновациялық қызметті қолдау инфрақұрылымының объектілерін құру мен дамытуды қамтамасыз етеді;
- 12) жергілікті атқарушы органдардың жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен және нарықтық инфрақұрылым объектілерімен өзара қарым-қатынастарын дамыту стратегиясын айқындайды;
- 13) сарапшылық кеңестердің қызметін ұйымдастырады;
- 14) шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мамандар мен персоналды оқытуды, даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;
- 15) сауда саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді;
- 16) өз құзыреті шегінде сауда қызметі субъектілерінің қызметін реттеуді жүзеге асырады;
- 17) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде сауда қызметіне қолайлы жағдайлар жасау жөнінде шаралар әзірлейді;
- 18) көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастыруды жүзеге асырады;
- 19) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Бөлімге басшылықты бірінші басшы жүзеге асырады. "Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген

міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

17. Бөлімнің бірінші басшысын аудан әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады .

18. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) бөлім қызметіне жалпы басшылық жүргізеді және бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларының жүзеге асырылуына дербес жауапты болады;

2) дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және мемлекеттік мекемесінің Ережесінде айқындалатын өз құзіретіне сәйкес дербес шешеді ; 3) бөлімнің атынан сенім хатсыз әрекет етеді;

4) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда бөлімнің мүддесін білдіреді;

5) шарттар жасасады;

6) сенімхаттар береді;

7) бөлімнің іс-сапарларға, тағылымдарға, қызметкерлерді оқу орталықтарында оқытуға және біліктілігін жоғарлатудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

8) банк шоттарын ашады;

9) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

10) бөлімнің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

11) бөлімнің қызметкерлеріне Қазақстан Республикасына заңнамасына сәйкес көтермелеу шаралары қолданады және оларды жазалайды;

12) бөлімнің қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;

13) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Ережемен және жергілікті атқару органымен жүктелген басқа да функцияларда жүзеге асырады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

19. Бөлімді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын бөлім басшысы немесе лауазымды тұлға басқарады.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлікі

20. Бөлім заңнамада кезделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкінің болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. "Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. "Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Созақ ауданы әкімдігінің
2024 жылғы "29" тамыздағы
№214 қаулысына 17 қосымша

"Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ереже

1. "Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-бөлім) құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің ведомстволары жоқ.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Президенті мен үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан жасайды.

6. Бөлім егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

7. Бөлім өз құзіретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Занды тұлғаның орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі №16 ғимарат.

10. Осы Ереже бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Бөлімнің кәсіпкерлік субъектілерімен "Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары, өкілеттіктері, құқықтары мен міндеттері

13. Мақсаттары:

"Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласында мемлекеттік саясатты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жүзеге асыру.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес Созақ ауданы бойынша құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласында тиісті жұмыстарды атқару;

белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан өзінің функцияларын орындауға қажетті ақпаратты сұратуға және алуға, мемлекеттік орган құзырына қатысты мәселелерді әзірлеуге қатысады;

аудан аумағында құрылыс саласында мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру жөнінде аудан әкіміне ұсыныстар енгізеді, мемлекеттік органға қатысты мәселелер бойынша ақпараттық талдау және басқа да материалдар әзірлеуді жүзеге асырады;

мемлекеттік органның қызмет саласына қатысты мәселелер бойынша тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға ұсыныстар береді, оның орындалуын қадағалайды, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар өткізетін шаралаларға қатысады;

мемлекеттік орган құзырына кіретін аудан аумағындағы құрылыс қатынастарында азаматтардың құқықтарын сақтау мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына ұйымдастырушылық-әдістемелік, ақпараттық көмектер көрсетеді;

мемлекеттік орган құзырына кіретін мәселелер бойынша отырыстар өткізеді;

2) Міндеттері:

аудан аумағында дамудың негізгі бағыттары мәселелерді шешу жөніндегі ұсыныстарды аудан әкімдігі мен әкімнің қарауына енгізу;

"Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің алдына қойылған міндеттерді орындауға байланысты мәселелер жөніндегі ақпаратты белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың, лауазымдық тұлғалардың, ұйымдардың және азаматтардың келісімі бойынша сұрату және алу;

өз құзыреті шегінде шарттар, келісімдер жасау;

Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының нормасын сақтау.

мемлекеттік органның қарауына жатқызылған мәселелер бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен және ұйымдармен қызметтік хат алмасу жүргізу;

белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан өзінің функцияларын орындауға қажетті ақпаратты сұратуға және алуға, сондай-ақ, өзге де мемлекеттік органдарға ақпарат ұсынуға;

"Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы ұйымның түріне сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамаларымен көрсетілген барлық құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады;

аудандық әкімдіктің және маслихаттың мәжілістеріне, аудандық, аумақтық және өзге де атқарушы органдардың алқаларына қатысу.

"Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі бюджет есебінен қаржыландырылады.

15. Функциялары:

1) аумақта жоспарланып отырған құрылыс салу не өзге де қала құрылысының өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыру;

2) аудандық маңызы бар құрылыс, аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, аяқталмаған объектілер құрылысын тоқтатып қою, объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөнінде жұмыстар кешенін жүргізу туралы аудан әкімдігінің шешімдерінің жобаларын дайындау;

3) пайдалануға берілетін объектілер (кешендерді) заңнамада белгіленген тәртіппен қабылдау және тіркеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

4) салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізу;

5) қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау, қайта бейіндеу) туралы шешім қабылдау;

6) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен мемлекеттік органға жүктелетін өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады;

7) заңдарда белгіленген тәртіппен бекітілген аудан аумағының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасын (аудандық жоспарлау жобасын), селолық елді мекендердің бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

8) ауданның бас жоспарының жобасын, аудан шегі мен аудан маңы аймағының шекараларын, сондай-ақ ведомствалық бағынысты ауылдық округтардың және қарасты елді мекендердің шекараларын белгілеу және өзгерту жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру және аудан мәслихатының мақұлдауына ұсыну;

9) ауданды әлеуметтік-экономикалық дамыту бағдарламалары құрамындағы қала құрылысы құжаттамасын, сондай-ақ аудан аумағында құрылыс салудың, оны абаттандыру мен инженерлік жағынан қамтамасыз етудің ережелерін тиісті қалалық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

10) құрылыс салу не өзге де қала құрылысы өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыру;

11) елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (аумақтық даму схемаларын) дамыту үшін әзірленетін қала құрылысы жобаларын бекіту және іске асыру;

12) ведомстволық бағынысты аумақта құрылыс салуға және қала құрылысын игеруге арналған жер учаскелерін таңдау беру, ал заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда, мемлекеттік қажеттіліктер үшін алып қою жөнінде шешімдер қабылдау;

13) құрылыстарды, ғимараттарды, инженерлік және көлік коммуникацияларын салу (кеңейту, техникамен қайта жарақтандыру, қайта жабдықтау, реконструкциялау, қайта жоспарлау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу) туралы, сондай-ақ аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру мен көгалдандыру, құрылысты (объектіні) консервациялау жергілікті маңызы бар объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөнінде жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдер қабылдау;

14) пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) заңнамада белгіленген тәртіппен қабылдау және тіркеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

15) тұрғын үй қорын, коммуникацияларды, тарих және мәдениет ескерткіштерін, мемлекеттік табиғи қорық қорының объектілерін сақтауды және олардың нормативтік күтіп-ұсталуына (қолдануына, пайдаланылуына) бақылауды және сақтауды ұйымдастыру;

16) салынып жатқан (салыну белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін Қазақстан Республикасы Үкіметі белгіленген тәртіппен жүргізу.

17) өз құзіреті шегінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;

18) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

3-тарау. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

16. Бөлімге басшылықты бірінше басшы жүзеге асырады, "Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

17. Бөлімнің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Созақ ауданының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

18. Бөлімнің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасар болады.

19. Бөлімнің бірінші басшының өкілеттігі:

1) мемлекеттік мекеме атынан іс-қимылын жүргізеді;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен барлық органдарда, жеке және заңды тұлғалар қатынасында мемлекеттік органның мүддесін білдіреді;

3) барлық кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер алдында келісім-шарт міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

4) құрылтайшы шешімін жүзеге асырады;

5) мемлекеттік мекеме атынан іс жүргізу құқығына сенімхат беру, сонымен қатар қайта сену құқығына сенім хат беру;

6) сыйақы мәселелерін шешеді, марапаттау мен тәртіптік жауапкершілікке тарту шараларын қабылдайды;

7) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес мәмілерді, заңдылық актілерді жасау, келісім-шарттарға, соның ішінде еңбектік, жұмысқа жалдану контрактілері бойынша мәмілеге тұру;

8) мемлекеттік мекеменің мүлкіне оның қаржысына билік етеді, мемлекеттік мекеме қызметіне тікелей басшылығын жүргізеді және және оның нәтижесін дербес жауапкершілігін алып жүреді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес құрылтайшының ерекше құзырына жатқызылмаған мәселелерді шешеді;

10) сыбайлас жемқорлық құбылыстарына қарсы күресті күшейту бойынша қажетті шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзғаны үшін дербес жауапты болады;

11) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз іс-қимыл жүргізеді, оған берілген құқық шегінде мемлекеттік мекеменің мүлігіне билігін жүргізеді, есеп-шоттар ашады, келісім-шарттарға соның ішінде еңбек шарттарына тұрады, бұйрықтар шығарады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. Бірінші басшы өз қызметкерлерінің өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

21. "Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын бөлім басшысы басқарады.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

22. Бөлім заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкінің болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. "Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Созақ ауданы әкімдігінің
2024 жылғы "29" тамыздағы
№214 қаулысына 18 қосымша

"Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-бөлім) әлеуметтік бағдарламалар саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің ведомстволары жоқ.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Бөлім егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Әйтеке би көшесі №50 үй, индексі 161000.

10. Осы Ереже бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

Құрылтайшысы: "Созақ ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (шығыстар сметасынан) бюджетінен жүзеге асырылады.

12. Бөлімнің кәсіпкерлік субъектілерімен "Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

"Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мақсаты: Халықты әлеуметтік қорғау, еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

- Мемлекеттік органның қарауына жатқызылған мәселелер бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен және ұйымдармен қызметтік хат алмасу жүргізу;

- "Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекеме қызметінің бұқаралық ақпарат құралдарына жария етілуін қамтамасыз етеді;

- "Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, осы Ережеге сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2) Міндеттері:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;
 - Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ облыс әкімінің және әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақытылы орындау;
 - мемлекеттік қызметтерді сапалы және уақытылы көрсетуді қамтамасыз ету;
 - мекемелерге қатысты мемлекеттік басқару органының функцияларын жүзеге асыру;
 - мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;
 - халықты әлеуметтік қорғау, еңбек ресурстарын тиімді пайдалану саласында аймақтық бағдарлама жасауға қатысу және оларды жүзеге асыру;
 - мемлекеттік орган құзырына кіретін жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру барысында азаматтардың құқықтарын сақтау, және басқа да мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына ұйымдастырушылық-әдістемелік, ақпараттық және басқа да көмектер көрсетеді;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында бөлімге жүктелген өзге де міндеттер болып табылады.

15. Функциялары:

1) жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында:

2) аудандағы жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсынысты талдау, болжау және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органына хабарлау;

3) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары бойынша ұсыныстар енгізу;

4) өңірлік жұмыспен қамту картасын және халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру;

5) ұлттық жобалар, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарлары, өңірлік жұмыспен қамту картасы шеңберінде жұмыс орындарының құрылуын мониторингтеуді жүзеге асыру;

6) кәсіпкерлік бастаманы дамыту арқылы ауданның жұмыс орындарын құруды қолдау;

7) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына жұмыс күшінің мобильділігін арттыру мақсатында адамдардың ерікті түрде қоныс аударуы үшін елді мекендерді айқындау бойынша ұсыныстар енгізу;

8) жұмыс орындарының босау және қысқару тәуекелдері бар ұйымдарды мониторингтеуді жүзеге асыру;

9) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ету мақсатында еңбек мобильділігі орталықтарымен өзара іс-қимыл жасау;

10) өздерінің қарауындағы арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерді құру және олардың қызметі;

11) арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын субъектілердің арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынуы;

12) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерді кадрмен қамтамасыз етуді, әлеуметтік жұмыскерлерді кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

13) халықтың арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттіліктеріне талдау жүргізу;

14) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі көрсетілетін қызметтер бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру;

15) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жүйесін дамыту жөнінде шаралар қабылдау;

16) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну мәселелері бойынша жеке, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

17) мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік көмек көрсету және қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіру;

18) мүгедектігі бар адамдарды және мүгедектігі бар балаларды жеке бағдарламаға сәйкес санаторийлік-курорттық емдеуді қамтамасыз ету;

19) мүгедектігі бар адамдарды жеке бағдарламаға сәйкес техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету;

20) жеке бағдарламаға сәйкес жүріп-тұруы қиын, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің, есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының көрсетілетін қызметтерімен қамтамасыз ету;

21) мүгедектігі бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша әлеуметтік көмек шараларын ұсыну;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асыру арқылы қамтамасыз етеді;

23) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындайды және төлейді;

24) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындайды және төлейді;

25) жергілікті өкілетті органдардың шешімімен жекелеген санаттағы азаматтарға материалдық жәрдемақыларды төлейді;

26) әлеуметтік төлемдерді тағайындау не тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдау;

27) әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін қажетті құжаттардың дұрыстығын тексеру;

28) әлеуметтік төлемдердің уақытылы және толық тағайындалуын және олардың алуын бақылау;

29) әлеуметтік төлемдерді тағайындау және алу мәселелері жөнінде түсініктемелер беру;

30) заңда көзделген шекте қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыру;

31) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

еңбек қатынастарының құқықтық саласында:

32) азаматтардың арызын, хатын, өтінішін, ұсыныстарын және басқа да үндеулерін қарау;

33) еңбек заңдылықтары сауалдары бойынша азаматтарды қабылдау және оларға кеңес беруді іске асыру;

34) еңбек туралы құқықтық актілерді қолдану сауалдары бойынша оқыту, бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен еңбек туралы заңдылықтарын сақтау жөнінде жұмыстарын ұйымдастыру;

35) қолданыстағы заңдылықтарда қарастырылғандай еңбекақының және басқа да кепілдіктердің дұрыс есептелуін және уақытында төлемнің жүргізілуін қадағалау;

36) еңбек кітапшасының жүргізілуі және еңбек келісім шарт туралы заңдылықтары (жұмысқа алу, басқа жұмысты ауыстыру, жұмыстан босату т.б) сауалдар жөнінде еңбек келісімшартында көрсетілгендерді сақтау;

37) жұмыс уақытындағы демалыстар тәртібі туралы заңдылықтарды сақтау;

38) еңбек заңдылығы бойынша басқа да сауалдар еңбек жөнінде заңдылықтарды бұзылу себебін және жағдайын сараптау және оны жою жөнінде сәйкес ұсыныстарды дайындау;

39) еңбекақы төлеу саласында:

40) еңбекақы төлеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

41) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің экономикалық және қаржыландыру жұмыстарын ұйымдастыру;

42) еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау бойынша болашақ және қазіргі іс-шараларды іске асыру;

43) бөлімдегі және бағынысты мекемелердегі еңбекақы төлеу формалдық жүйені дұрыс қолдану бойынша іс-шараларды іске асыру;

44) бөлімдегі және бағыныстағы мекемелердегі шаруашылық қызметкерлерінің балансын және есебін құру;

45) бөлім аппаратының және бағыныстағы мекемелерді ұстауға қаржының жұмсалуды есепке алуды және бақылауды іске асыру;

46) арнайы есепшоты бойынша кірістің және шығыстың орындалуы жөнінде бухгалтерлік және қаржыландыру жұмыстарын бақылауды іске асыру;

47) жоғары мекемелерге жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде жұмыс істелінген істер жөнінде есеппен жоспарларды дайындау;

48) "еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру, ұзарту және кері қайтарып алу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді тіркеу.

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Бөлімге басшылықты бірінші басшы жүзеге асырады, ол "Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

17. Бөлімнің бірінші басшысын аудан әкімі лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатады.

18. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) мемлекеттік мекеменің жұмыс жоспарларын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеменің атынан әрекет етеді;

3) сенімхаттар береді;

4) заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза береді;

5) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды;

6) мемлекеттік мекеменің ішкі еңбек тәртібін бекітеді;

7) мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

8) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуына дербес жауапты болады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

19. Бөлімді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын бөлім басшысы басқарады.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

20. Бөлім заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. "Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. "Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1. Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін аудандық аумақтық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

2. Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам" әлеуметтік орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Созақ ауданы әкімдігінің
2024 жылғы "29" тамыздағы
№214 қаулысына 19 қосымша

Созақ ауданы әкімдігінің "Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – бөлім) Созақ аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы басшылықты жүзеге асыраты.

2. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бөлім ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғасы болып табылады, оның өз атауы қазақ тілінде көрсетілген мөрі мен мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Бөлім заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі 16 ғимарат, почталық индексі 161000.

9. Осы Ереже бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Бөлім қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерден, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады.

11. Бөлімнің кәсіпкерлік субъектілерімен "Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер бөлімге заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік орган ведомствосының немесе ведомствосы аумақтық бөлімшесінің немесе аумақтық органның мақсаттары, өкілеттіктері, құқықтары мен міндеттері

12. Мақсаттары:

1) стратегиялық дамудың ағымдық және преспективалық міндеттерін шешуге бағытталған мемлекеттік саясатты және мемлекеттік бағдарламаларды Созақ ауданының аумағында жүргізу;

2) ауданда мемлекеттік тұрғын үй-коммуналдық саясат, инфрақұрылым және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

3) ауданның жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, аудан шегіндегі өзгеде елді мекендердегі көшелерді, тұрғын-үй коммуналдық саланы дамыту жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

4) ресурстық және технологиялық базаны қайта ұйымдастыру негізінде инфрақұрылымның дамуына, кәсіпорындарды реформалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға, осы салалардағы шаруашылық жүргізуші субъектілерін қайта құрылымдау жөніндегі ұсыныстар даярлауға көмектесу;

5) аудан әкімдігінің тапсырмасы бойынша аса маңызды бағдарламаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға ат салысу;

6) өз құзіретінің шегінде кәсіпорындардың және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы шаруашылық қызметтерін мониторингілеу;

7) меншік нысанына қарамастан ауданды жылу энергиясымен, сумен, отынмен, газбен тұрақты қамтамасыз етуде барлық қатысушылармен (жеткізушілермен тұтынушылар) бірлесе отырып іс-қимыл жасауын жедел үйлестіру;

8) Созақ ауданының аумағында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі автомобиль жолдары саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру ;

9) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін техникалық зерттеуді ұйымдастырады;

10) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізудің тізбесін және кезектілігін айқындайды;

11) кондоминиум объектісін басқару органы ұсынған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге арналған, тұрғын үй көмегінің қатысуымен қаржыландырылатын шығыстардың сметасын келіседі;

12) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген түрлері бойынша атқарылған жұмыстарды қабылдау жөніндегі комиссияларға қатысады.

13) тұрғын үй инспекциясының міндетін жүзеге асырады:

14) елді мекендердің шекаралары шегіндегі әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде

тұрғын үй қорын басқаруды, газ және газбен жабдықтау саласында мемлекеттік бақылау;

15) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалау болып табылады.

13. "Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында және аудан әкімдігімен айқындалатын

мемлекеттік сатып алуды, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар немесе тауарлар, жұмыстар, қызметтерді бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу бойынша мемлекеттік саясатты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жүзеге асыру.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) аймақтың дамуының басымдықтары мен стратегиясын әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары жөнінде аудан әкіміне ұсыныстар енгізуіне;

2) аудан әкіміне, жергілікті және облыстық органдарға ауданның дамуының стратегиялық бағдарламасын жүзеге асыруға кедергі жасайтын, олар қабылдаған актілерді өзгерту немесе күшін жою жөнінде ұсыныстар енгізуіне;

3) өз құзыреті шегінде міндетті түрде орындалуы үшін нұсқаулар беруіне және өндірістік нормативтік актілер жобасын дайындауға;

4) бөлімнің құзыретіне қатысы бар мәселелерді шешу жөнінде аудан әкіміне; әкімдігіне және аудандық мәслихаттың қарауына ұсыныстар енгізуіне;

5) өз құзіретінің шегінде сыртқы экономикалық байланыстар орнату жөнінде тиісті ведомствалармен және ұйымдармен келіссөздер жүргізуіне;

6) ауданның кәсіпорындар, ұйымдар, қоғамдық құрылымдар маандарын олардың басшыларымен келісімі бойынша тексерулер мен сараптаулар жүргізу, конкурстық комиссияларға қатыстыру үшін тартуына;

7) өз құзыреті мәселелері жөнінде келіссөздер жүргізуіне және келісімдерге, басқада заң актілеріне қол қоюына;

8) басқада мемлекеттік органдармен бірлесе отырып кәсіпорындарды іске қосу жөніндегі шараларды әзірлеуге және іске асыруға қатысуына;

9) өз құзіреті шегінде аудан аумағында тұрғын үй-коммуналдық қызметінің барлық субъектілері орындалуы үшін міндетті болып табылатын энергетика және тұрғын үй саясатын жүзеге асыру мәселелері жөнінде шешімдер қабылдауына;

10) өз өкілеттіліктерін жүзеге асыруда жол, су және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласының кез-келген объектілеріне баруына;

11) басқа да мемлекеттік органдармен бірлесе отырып кәсіпорындардың экономикалық сауықтыру жөніндегі шараларын әзірлеуге және іске асыруға қатынасуына;

12) бөлімге жүктелген міндеттерді орындауы үшін өз құзырының шегінде мемлекеттік биліктің тиісті органдарынан, статистика органдарынан, ұйымдардан, мекемелерден және кәсіпорындарынан ақпарат сұратуына және алуына;

13) бөлімнің осы Ережеде көрсетілген құқықтарымен қатар қолданыстағы заңнамаларымен берілген басқа да құқықтары бар.

15. Функциялары:

1) ауданның өзі басшылық жасайтын кәсіпорындарының қызметін талдауы;

2) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары мәселері жөнінде аймақтық бағдарламалардың, өз құзырындағы мәселелер жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын және Үкіметтің қаулыларын, аудан әкімдігінің қаулылары мен аудан әкімінің шешімдерін орындау жөніндегі есептердің орындалуына және даярлануына мониторингті жүзеге асыруды;

3) ауданның инфрақұрылым, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары салаларын дамыту басымдық бағдарламаларына талдау, түзету жүргізуді және оларды іске асыруға көмек көрсетуді;

4) аудан кәсіпорындарын күз-қыс жағдайында және су тасқыны кезеңінде жұмыс істеуге даярлау жөніндегі жұмыс үйлестіруді жүзеге асыруды және бақылау жасауды;

5) тұрғын үй-коммуналдық қызметтер, құрылыс және жобалау саласында бәсекелестік рынокты дамытуға көмек көрсетуді;

6) коммуналдық меншіктегі мемлекеттік тұрғын үй қорының, коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары кәсіпорындарының және құрлыстарының пайдаланылуын бақылауды;

7) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдарының дамуы шараларының орындалуына басшылық жасауды және бақылауды;

8) ауданның тұрғын үй саясатының іске асырылуына, өндірістік инфрақұрылымның дамуына талдау жүргізуді, түзету енгізуді және көмек көрсетуді;

9) ауданның стратегиялық даму жоспарына енгізілген басымдық объектілерді салуды аяқтау және құрылысын индустриясын дамыту үшін ішкі және сыртқы инвестицияларды тартуға ықпал етуді;

10) тендерлер өткізуге ат салысады, сондай-ақ өз құзыры шегінде конкурстар өткізуді;

11) өз құзыры шегінде шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметіне мониторингті жүзеге асыруды,

12) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуді және іске асыруды ұйымдастыруды;

13) бюджеттік бағдарламаларды іске асыруды бағалау және мониторингті жүзеге асыруды;

14) бөлім өзі уәкілетті органы болып табылатын кәсіпорындармен қатынаста мемлекеттік басқару органы функцияларын орындайды;

15) бөлім өз уәкілетті органы болып табылатын кәсіпорындармен қатынаста оларға мүліктің мақсатымен пайдаланылуына және сақталуына бақылау жүргізуді;

16) әкімшілері болып табылатын бағдарламалар бойынша мемлекеттік сатып алушылар шегінде ақша қаражаттарының пайдаланылуына бақылау жасауды;

17) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары салаларын сапаның халықаралық стандарттарын енгізуге;

18) өзі басқаратын саласында халықаралық стандарттарға сәйкес сапа жүйесін енгізуде мониторингті жүзеге асыруға;

19) Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық даму жөніндегі іс-қимыл бағдарламасы, ауданның әлеуметтік экономикалық дамуының орта мерзімді жоспары, "Тұрғын үй" қатынастарына және "Елді мекендерді көркейту-көгалдандыру" жұмыстарына

байланысты бағдарламалардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады, оның орындалуына дербес жауап береді;

20) Заңда белгіленген тәртіппен бекітілген аудан аумағының газ, су жүйелерінің құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасын (аудандық жоспарлау жобасын) іске асыру, құрылысын жүргізу жөніндегі қызметін үслестіру;

21) елді мекендердің тіршілігін (энергиямен, сумен, су бұру және пайдалану) қамтамасыз ету, мемлекет меншігіндегі су шаруашылығы жүйелерін пайдалану, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, спорттық-сауықтыру объектілерін, мәдениет және демалыс саябақтарын пайдалану және елді мекендердің тіршілігін (жылумен жабдықтау коммуналдық қалдықтарды көму, қалдықтар полигонын құру және пайдалану) қамтамасыз ету.

22) тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік бақылау кондоминиум қатысушыларының ортақ мүлкіне тексеру жүргізуі арқылы жүзеге асырылады. Тексеруді Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес жүргізу болып табылады.

23) елді мекендердің шекаралары шегінде тұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау салаларындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде бақылау субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылау, сондай-ақ елді мекендердің шекаралары шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде

қадағалау субъектілеріне қатысты қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына мемлекеттік қадағалау жүзеге асырады;

көппәтерлі тұрғын үйдің ортақ мүлкін мемлекеттік техникалық зерттеп-қарауды ұйымдастырады.

кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізудің тізбесін, кезеңдерін және кезектілігін айқындайды.

кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге арналған шығыстар сметасын келісуді жүзеге асырады.

кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау жөніндегі комиссияларға қатысады.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 ақпандағы № 108 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде №10528 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау қағидаларына сәйкес бұзушылықтарды жою бойынша орындалуы міндетті нұсқамалар (ұсынымдар) шығарады.

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үйлерді мақсатты пайдалануын тексеруді жүзеге асырады.

24) қолданылып жүрген заңнамаларға қайшы келмейтін бөлімнің мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін басқада функцияларды орындайды;

25) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

3-тарау. Мемлекеттік орган ведомствосының немесе ведомствосы аумақтық бөлімшесінің немесе аумақтық органның қызметін ұйымдастыру кезіндегі оның басшысының мәртебесі және өкілеттіктері

16. Бөлімді басқаруды бірінші басшысы жүзеге асырады, "Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

17. Бөлімнің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Бөлім басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:

бөлім қызметіне жалпы басшылық жүргізеді және бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларының жүзеге асырылуына дербес жауапты болады;

дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және мемлекеттік мекеменің Ережесінде айқындалатын өз құзіретіне сәйкес дербес шешеді;

бөлімнің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда бөлімнің мүддесін білдіреді;

шарттар жасасады;

сенімхаттар береді;

бөлімнің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді оқу орталықтарында оқытуға және біліктілігін жоғарылатудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

банк шоттарын ашады;

барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

бөлімнің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

бөлімнің қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу шараларын қолданады және оларды жазалайды;

бөлімнің қызметкерлерінің міндеттер мен өкілеттік аясын айқындайды:

оған Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережеімен және жергілікті атқару органымен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады;

"Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Басшы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-тарау. Мемлекеттік орган ведомствосының немесе ведомствосы аумақтық бөлімшесінің немесе аумақтық органның мүлкі

21. Бөлім заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. "Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік республикалық/коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, "Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органның ведомствосын немесе ведомствосы аумақтық бөлімшесін немесе аумақтық органын қайта ұйымдастыру және тарату

24. "Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік орган ведомствосының немесе ведомствосы аумақтық бөлімшесінің немесе аумақтық органның қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) "Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Шолаққорған-Су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны;

2) "Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Созақ сәулет" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны;

25. Тапсырыс беруші "Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырушысы деп таныған жағдайда мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізуді жүзеге асыру;

26. Аудан аумағында дамудың негізгі бағыттары, мемлекеттік сатып алу саласындағы мәселелерді шешу жөніндегі ұсыныстарды аудан әкімдігі мен әкімнің қарауына енгізу;

27. Ауданның аудан әкімдігімен айқындалатын мемлекеттік сатып алуды, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар немесе тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша біріңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ету.

28. мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

29. мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын қаржыларды ұтымды және тиімді жұмсалудына қамтамасыз ету.

30. аудан әкімдігімен айқындалатын мемлекеттік сатып алуды, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар немесе тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша біріңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді жүзеге асырады;

31. тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамаларында белгіленген құжаттарды қамтитын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге ұсынған тапсырманы қарастырады;

32. тапсырыс беруші ұсынған тапсырма негізінде конкурстық немесе аукциондық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді;

33. конкурстық және аукциондық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтыру енгізеді;

34. конкурстық және аукциондық комиссияның құрамын айқындайды және бекітеді

35. заңнамада белгіленген тәртіппен сараптау комиссиясын құрады немесе сарапшыны айқындайды;

36. мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды орналастырады;

37. конкурстық құжаттаманың және аукциондық құжаттаманың ережелерін түсіндіреді;

38. тапсырыс берушіге мәліметтерді сатып алу туралы шарт жобасын конкурстық немесе аукциондық құжаттаманы және (немесе) конкурстық немесе аукциондық құжаттаманың техникалық ерекшелігін алған тұлғаларды тіркеу журналына енгізілген,

мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты түрде тіркелген тұлғалар тарапынан ұсыныстар мен ескертулерді жібереді;

39. заңнамаға сәйкес мемлекеттік сатып алудың жеңімпазын айқындайды;

40. заңнамада көзделген жағдайда конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға енгізілген өнімді қамтамасыз етуді тиісті бюджеттің кірісіне есептеуді немесе әлеуетті өнім берушіге қайтаруды қамтамасыз етеді;

41. бірінші кезеңде техникалық ұсыныстарды табыс еткен әлеуетті өнім берушілерге екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың екінші кезеңіне қатысуға шақыру жібереді;

42. бір көзден алу тәсілімен әлеуетті өнім берушіге мемлекеттік сатып алуға қатысуға жазбаша шақыру жібереді;

43. заңнамада көзделген жағдайларда әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тану туралы сотқа қуынымдарды жібереді.

Созақ ауданы әкімдігінің
2024 жылғы "29" тамыздағы
№214 қаулысына 20 қосымша

"Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – бөлім) ауданның атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне енеді және аудан шегіндегі, заңнамаларда қарастырылған жер қатынастары салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің ведомстволары жоқ.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республика Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Бөлім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілерімен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек- жолы көшесі, ғимарат 16, индекс 161000.

10. Осы Ереже бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Бөлімнің кәсіпкерлік субъектілермен "Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер, егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары, өкілеттіктері, құқықтары мен міндеттері

13. Бөлімнің мақсаты:

экономикалық даму және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің сапалық көрсеткіштерін арттыруға және ауданның азық- түлік қауіпсіздігін нығайтуға септігін тигізетін жерлерді қорғау және тиімді пайдалануға жағдай жасау, ауданның жер қатынастары салаларының дамуы бойынша мемлекеттік саясатты жүргізу.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

жер қатынастарын қолдау және дамыту, сауда инвестиция және сыртқы экономикалық байланыс, мемлекеттік сатып алу саясатына қатысты Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің, облыс, аудан Әкімінің нормативтік-құқықтық актілерімен орындалуы туралы мекеме, ұйым, кәсіпорындарда мәліметтер мен тиісті құжаттар алуға;

заңдармен және осы Ережемен белгіленген дәрежеде оған берілген мүлікке иелік етіп, пайдалануға;

өзінің атынан контрактілер, келісім шарттар, мәмілелер жасап тілхат бере алады, мүліктік және жеке мүліксіз құқықтар мүмкіндігін алып сотта жақтаушы және жауапкер болып қатыса алады, сондай-ақ заңмен тиым салынбаған басқада қызмет түрімен айналыса алады;

жер қатынастары, сауда саласы, мемлекеттік сатып алу жұмыстары жөнінде заңның бұзылуына байланысты прокуратура органдарына өтініш жасап материалдар жіберуге; өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

өз құзырына жататын мәселелер бойынша әкімнің шешімінің, өкімінің, аудан әкімдігінің қаулысының, сонымен қатар, мәслихаттың шешімдерінің жобаларын дайындайды;

осы ережемен және заңдылықтармен, облыстық және аудандық жергілікті атқарушы органдармен бекітілген өзге де уәкілеттіктерді жүзеге асырады;

2) міндеттері:

иесі жоқ жер учаскелерін анықтау және оларды есепке алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының жер учаскелерін беру және олардың нысаналы мақсатын өзгерту жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

геологиялық зерттеуге және пайдалы қазбаларды барлауға байланысты жер қойнауын пайдалану мақсаттары үшін жария сервитуттарды белгілеу бойынша ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы ұсыныстарының және шешімдерінің жобаларын дайындау;

мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару жөнінде ұсыныстар дайындау;

жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау;

мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту;

жерге орналастыруды жүргізуді ұйымдастыру және жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту;

аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жерді аймақтарға бөлу жобаларын, жерді ұтымды пайдалану жөніндегі жобалары мен схемаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

елді мекендер аумағының жер-шаруашылық орналастыру жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

жер сауда-саттығын (конкурстар, аукциондар) жүргізуді ұйымдастыру;

жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қозғайтын, қалалық, аудандық маңызы бар жобалар мен схемаларға сараптама жүргізу;

аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жер балансын жасау;

жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың, сондай-ақ жер құқығы қатынастарының басқа да субъектілерінің есебін жүргізу;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің паспорттарын беру;

жер учаскесін сатып алу-сату шарттары мен жалдау және жерді уақытша өтеусіз пайдалану шарттарын жасасу және жасалған шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

осы Кодекстің 71-бабына сәйкес ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беруі жөнінде ұсыныстар дайындау;

ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

пайдаланылмай жатқан және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жерді анықтау;

жерді резервке қалдыру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

жер-кадастрлық жоспарды бекіту жатады.

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде жер учаскесінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға қатысты жерді пайдалану мен қорғауға, атап айтқанда:

-жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жердің топырақ құнарлылығын қалпына келтіру және сақтау жөніндегі ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, гидротехникалық және эрозияға қарсы іс-шаралар кешенін уақтылы және дұрыс жүргізуіне;

-жерді жақсарту жөніндегі, топырақ эрозиясын, тұздануды, батпақтануды, су басуды, шөлейттенуді, құрғақтануды, тығыздалуды, қоқыстануды, ластануды және жердің тозуын туғызатын басқа да процестерді болғызбау және олардың салдарын жою жөніндегі іс-шаралардың уақтылы және сапалы орындалуына;

-жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі жерге орналастыру жобаларының орындалуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүргізеді.

15.Функциялары:

1) аудан көлеміндегі жер қатынасы саласындағы мемлекеттік және мақсаты кешенді бағдарламаларды жасауға қатысады,өз құзіреті шегінде оларды жүзеге асыру бойынша шаралар қолданады және орындалуын бақылайды;

2) жер қатынасына қатысты мәселелер бойынша аудан әкімі шешімдерінің және аудан әкімдігі қаулыларының жобаларын дайындауға қатысады және оларды жүзеге асыру бойынша шаралар қолданады және олардың орындалу барысына бақылау жасайды;

3) жер қатынасы мәселелері бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдарға консультативтік-әдістемелік көмектер көрсетеді;

4) жер қатынасы мәселелері бойынша ақпараттарды жинақтауды және таңдауды қамтамасыз етеді, аудан әкіміне сараптау материалдарын дайындайды;

5) жер қатынасы саласындағы аудан әкімінің консультативтік-кеңес және басқа да органдарының қызметін қамтамасыз етеді;

6) аудан әкімдігі мәжілісіне аймақтық жер қатынасы мәселелері бойынша материалдар дайындауға қатысады;

7) заң арқылы белгіленген тәртіп бойынша азаматтардың арыз-шағымдарын қарайды, жеке мәселелер бойынша қабылдау жүргізеді;

8) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

9) бөлім Қазақстан Республикасының заңдылықтары мен нормативтік- құқықтық актілері арқылы жүргізілген басқада функцияларды жүзеге асырады;

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Бөлімге басшылықты бірінші басшы жүзеге асырады, "Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

17. Бөлімнің бірінші басшысын аудан әкімі лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады .

18. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) бөлім қызметіне жалпы басшылық жүргізеді және бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларының жүзеге асырылуына дербес жауапты болады;

2) дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және мемлекеттік мекемесінің Ережесінде айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді .

3) бөлімнің атынан сенім хатсыз әрекет етеді .

4) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда Бөлімнің мүддесін білдіреді;

5) шарттар жасасады ;

6) сенімхаттар береді ;

7) бөлімнің іс сапарларға, тағылымдарға, қызметкерлерді оқу орталықтарында оқытуға және біліктілігін жоғарлатудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді .

8) банк шоттарын ашады:

9) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

10) бөлімнің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

11) бөлімнің қызметкерлеріне Қазақстан Республикасына заңнамасына сәйкес көтермелеу шаралары қолданады және оларды жазалайды;

12) бөлімнің қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;

13) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Ережемен және жергілікті атқару органымен жүктелген басқа да функцияларда жүзеге асырады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

19. Бөлімді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын бөлім басшысы немесе лауазымды тұлға басқарады.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

20. Бөлім заңнамада кезделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. "Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. "Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Созақ ауданы әкімдігінің
2024 жылғы "29" тамыздағы
№ 214 қаулысына 21 қосымша

Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - бөлім) мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің ведомствалық бағыныстағы ұйымдары бар:

1) "Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) "Созақ аудандық "Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Бөлім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Мемлекеттік мекеме басшысының актілерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы аңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 161000, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Сұлтанбек Қожанов көшесі, №68 ғимарат;

10. Осы Ереже бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

Құрылтайшысы: "Созақ ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Бөлімнің кәсіпкерлік субъектілерімен Мемлекеттік органның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары, өкілеттіктері, құқықтары мен міндеттері.

13. Бөлімнің мақсаты: ішкі саясат саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

- өзінің қызметін орындау үшін қажетті ақпараттарды мемлекеттік органдардан және лауазым иелерінен, басқа ұйымдар мен азаматтардан белгіленген тәртіппен сұратып алады, Мемлекеттік орган құзырына қатысты мәселелерді әзірлеуге қатысуға, тиісті ұсыныстар әзірлеу үшін уақытша жұмысшы топтарын құрады;

- ішкі саясат саласында мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру жөнінде аудан әкіміне ұсыныстар енгізеді, Мемлекеттік органға қатысты мәселелер бойынша ақпараттық талдау және басқа да материалдар әзірлеуді жүзеге асырады;

- мемлекеттік органның қызмет саласына қатысты мәселелер бойынша тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға ұсыныстар береді, оның орындалуын қадағалайды, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар өткізетін шараларға қатысады;

- аудандық деңгейде ақпараттық саясатты жүргізуге арналған жастар саясаты мен мемлекеттік тапсырысты іске асыру жөніндегі аудандық бағдармаларды қаржыландыруды жүзеге асырады;

- мемлекеттік орган құзырына кіретін ішкі саясат, азаматтардың құқықтарын сақтау және басқа да мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына ұйымдастырушылық-әдістемелік, ақпараттық және басқа да көмектер көрсетеді;
- мемлекеттік орган құзырына кіретін мәселелер бойынша отырыстар өткізеді;
- Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2) міндеттері:

- қоғамдық саяси тұрақтылықты қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттің егемендігін нығайту, қоғамдық процестерді демократияландыру және қоғамды топтастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

- ауданда мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың мемлекеттің ішкі саясатын іске асыру барысында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің, әкімдіктің, облыстың және аудан әкімдіктерінің, Түркістан облысының қоғамдық даму, Түркістан облысының дін істері басқармаларының, Мемлекеттік орган құзырына қатысты мәселелер жөніндегі актілері мен тапсырмаларын орындауына бақылау жасайды;

- қоғамда демократиялық институттарды нығайтуға, "Қазақстан-2050" Стратегиясының негізгі басым бағыттарын түсіндіруге және насихаттауға қатысады;

- ішкі саясат, қоғамдық-саяси сала мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларын, мемлекеттік ішкі саясатты насихаттау және түсіндіру жөніндегі жұмыстарды үйлестіріп отырады;

- ішкі саясат саласында тұжырымдамалық негіздемелер және тәжірибелік ұсынбалар, сондай-ақ Қазақстанды дамытудың ұзақ мерзімді басымдықтары, бірегей азаматтық құрылымдар негізінде қоғамды топтастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

- ауданда болып жатқан қоғамдық-саяси процестерге және оның даму барысына жан-жақты дұрыс зерттеу, қорыту және талдау жасайды;

- аудандық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру, мемлекеттік тапсырысты орындау, оны жүргізу жөнінде аудандық бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін үйлестіріп отырады;

- аудандағы қоғамдық-саяси жағдайларды болжауға бағытталған әлеуметтік-саяси зерттеулер жүргізеді;

- қоғамдық бірлестіктер және үкіметтік емес ұйымдармен, саяси партиялармен, қоғамдық-саяси және дін ұйымдарымен, кәсіби одақтармен, БАҚ-пен, жұртшылық өкілдерімен өзара әрекеттестікте қимыл жасайды;

- әлеуметтік даму саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша, білім беру және спорт, мәдениет және тілдерді дамыту салаларында мемлекеттік басқару органдары мен мемлекеттік емес құрылымдардың қызметіндегі өзара келісілген іс-әрекетті қамтамасыз етеді;

- аудан әкімі орынбасары жанындағы тұрақты комиссиялардың жұмысын іске асырады.

- мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен каржыландырылатын жұмыстарының (көрсетілетін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

- мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерін қарайды, бекітеді және осы Заңда көзделген жағдайларда келіседі;

- мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларының орындалуын бақылау мен талдауды жүзеге асырады;

- бекітіліп берілген және басқаруындағы мемлекеттік заңды тұлғалардың коммуналдық мүлкінің пайдалануына және сақталуына бақылауды жүргізеді;

- мемлекеттік заңды тұлғаның басшысы каржы-шаруашылық қызметіне және мемлекеттік кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін жеке жауаптылықта болады.

15. Функциялары:

1) ішкі саяси процестерді мемлекеттік реттеуге қатысады, жергілікті мемлекеттік органдардың ішкі саясат саласындағы қызметін үйлестіріп отырады, аймақтағы қоғамдық - саяси партиялар мен басқа да қоғамдық бірлестіктердің қызметіне мониторинг жүргізу, талдау жасау және ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, қоғамды топтастыру, қазақстандық патриотизмді насихаттау және оған тәрбиелеу жөніндегі ұсынбалар әзірлейді және жұмыстарды ұйымдастырады;

2) Қазақстан Республикасы Президенті, Қазақстан Республикасы Үкіметі актілерінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі тапсырмаларының облыс пен аудан әкімдіктерінің, Түркістан облысының ішкі саясат басқармасы, Түркістан облысының дін істері басқармасы қаулыларының, шешімдері мен өкімдерінің орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

3) "Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ-нің құзырына кіретін мәселелер жөнінде тұжырымдамалық құжаттарды жасауға, аудан әкімдігі мен әкімі актілерінің жобаларын әзірлеуге және сараптауға қатысады;

4) аудан туралы қоғамдық-саяси және экономикалық салада өкімет органдарының қызметі туралы ақпараттарды тарату жүйесін жетілдіру жөніндегі аудан әкімдігінің жұмысына қатысады;

5) "Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ-нің құзырына кіретін мәселелер бойынша Түркістан облысының қоғамдық даму басқармасы мен аудан әкімі аппаратының тиісті бөлімдерімен ұйымдық және ақпараттық байланысты қамтамасыз етеді;

6) "Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ атқарған жұмыстары жөнінде Түркістан облысының қоғамдық даму басқармасына үнемі есеп беріп отырады;

7) "Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ құзырына кіретін мәселелер жөнінде аудандағы мемлекеттік органдардың қызметін бақылауды және үйлестіріп отыруды қамтамасыз етеді;

8) аудан әкімі аппараты қызметін ақпараттық талдаумен қамтамасыз етеді;

9) облыстық және аудандық қоғамдық-саяси, мәдени шаралардың өткізілуін қамтамасыз етеді;

10) ауылдық округтер мен кент әкімдерінің, ауданның мемлекеттік мекемелердің, аудандық бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттің ішкі саясаты мәселелері жөніндегі ақпараттық-насихаттық жұмыстарды жүргізу барысындағы қызметін үйлестіріп отырады және бақылау жасайды;

11) ауданның ішкі саяси өміріндегі маңызды мәселелері бойынша аудандық әкімдіктің мәжілісіне материалдар әзірлеуге қатысады;

12) Кіші Ассамблеяға және оның хатшылығына ұйымдастырушылық және әдістемелік, ақпараттық көмектер көрсетеді;

13) ішкі саясат саласында, ұлтаралық қатынастар саласында мемлекеттік саясатты белгілейтін Қазақстан Республикасында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын және қамтамасыз етілуін айқындайтын тұжырымдамалар, бағдармалар әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

14) Мемлекеттік органның құзырына катысты мәселелер жөнінде ақпараттық мәліметтер базасын (компьютерлік, мәтіндік) қалыптастыру, жинау, жинақтау және қорыту жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады;

15) саяси партиялармен, ұлттық-мәдени бірлестіктермен, үкіметтік емес ұйымдармен, құқық қорғау, діни және басқа да қоғамдық ұйымдармен, жұртшылықпен байланысты жүзеге асырады;

16) ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуға және саяси процестерді демократияландыруға бағытталған облыстық және аудандық ғылыми-практикалық шараларды әзірлеуге және өткізуге қатысады;

17) аудан әкімі аппаратының бөлімшелерімен бірлесе отырып, "Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ құзырына кіретін ұйымдастырушылық-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындайды;

18) сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды ұйымдастырады;

19) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V Кодексінің 489-1 бабына және 804 бабының 1 тармағының 50) тармақшасына сәйкес әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асырады;

20) Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

21) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Бөлімге басшылықты бірінші басшы (бөлім басшысы) жүзеге асырады, ол жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

17. Бөлімнің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Бөлімнің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болуы мүмкін.

Мемлекеттік мекеме мен құрылтайшысы, әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынастар Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарына қайшы келмеуі тиіс.

19. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және басқарады, Мемлекеттік органға жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауапкершілікті алып жүретін қызметкерлер арасындағы қызметтік міндеттерді және олардың жауапкершілік дәрежесін үйлестіреді және бекітеді;

2) Қазақстан Республикасының Заңнамасында және осы ережеде белгіленген құзыретіне сәйкес бірінші басшы дара басшылық ету принципінде іс-әрекет жасайды және аппарат жұмысындағы мәселелерді жеке шешеді.

3) Бөлім атынан сенім хатсыз әрекет жасайды және барлық ұйымдарда бөлімнің мүдделерін білдіреді;

4) заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде бөлім мүлігіне билік жасайды ;

5) банктерде есеп-шоттар ашады, "Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ барлық қызметкерлеріне міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

6) заңдарға сәйкес бөлім қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

7) заңдарда белгіленген тәртіппен бөлім қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

8) бұйрықтарға қол қояды;

9) барлық мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда бөлім атынан өкілдік етеді ;

10) Бөлімнің жұмыс регламентін бекітеді;

11) Бөлім сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауапты болады;

12) заңнамалармен, осы Ережемен және аудан әкімдігі тарапынан жүктелген басқа да қызметтерді атқарады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

21. Бөлімді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы басқарады.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

22. Бөлім заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырады.

23. "Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өзбетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. "Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекеме және оның қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) "Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) "Созақ аудандық "Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Созақ ауданы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі.

1. Созақ ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 16 шілдедегі "Созақ ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі, Созақ ауданының ауылдық округтері мен кенттері әкімі аппараттары және Созақ ауданы әкімдігінің дербес бөлімдер мемлекеттік мекемелерінің ережелерін бекіту туралы" № 278 қаулысы;

2. Созақ ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 02 желтоқсандағы "Созақ ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі және Созақ ауданы әкімдігінің дербес бөлімдер мемлекеттік мекемелерінің ережелерін бекіту туралы" №337 қаулысы.